



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 26 маусымдағы N 37 ~V950077 "Қосылған құнға салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 58. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының
K010209_
Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 37
Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29
желтоқсандағы N 1
V970058_
бұйрығы.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Салық комитеті Төрағасының

1997 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1 Бұйрығымен бекітілген

1. II тарау:

2-тармақтағы:

бірінші азатжолдағы "осы Нұсқаулықтың 31-тармағының 1-12-тармақшаларына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші азатжолдағы "нөлдік ставка бойынша салық салынатын" деген сөздер "осы Нұсқаулықтың 31-тармағына сәйкес қосылған құнға салынатын салықтан босатылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қосылған құнға салынатын салық айналысына, сондай-ақ жұмыс тауарларын жіберу немесе бір кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасындағы қызмет көрсетулер жатады, егер олар осы Нұсқаулықтың 10-тармағына сәйкес қосылған құнға салынатын салықты өз бетінше төлейтін болып табылса."

6-тармақтағы "9-12-тармақшалармен" деген сөздер "31а тармақпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

8-тармақтағы:

бірінші азатжолдағы "есептен шығару" деген сөздер "қызметінің тоқтатылуы" деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші азатжолдағы "қосылған құнға салынатын салық бойынша есептен шығару сәтінде" деген сөз "кәсіпорынды жою сәтінде" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. III тарау:

бірінші азатжолдағы 9-тармақтың "қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрған немесе есепке тұратын" деген сөздер алынып тасталсын.

9а-тармақтағы "және қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрмаған" деген сөздер алынып тасталсын.

екінші азатжол мынадай мазмұндағы сөздермен ауыстырылып, алынып тасталсын:

"ҚР резидентінің бюджетке төленетін салығы оларға тауарларды (жұмыстарды және қызмет көрсетулерді) жеткізілген есепті кезеңге жүргізіледі.

Бұл ретте резидент еместің айналысына салынатын салық Қазақстан Республикасының резидентінен алынатын түсім болып табылады.

Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының резиденті сыртқы шарттар бойынша республика аумағында әкелінетін импорт тауарларға төленген жағдайда қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасының резиденті қосылған құнға салынатын салықты төлеуші болып табылса, онда резидент үшін қосылған құнға төленетін салық сомасы оның бюджетке төленген фактілерін растайтын құжаттар бар болған жағдайда қосылған құнға салынатын салық бойынша төлемдер есепке (кемітіліп) қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасының резиденті қосылған құнға салынатын салық төлеуші болып табылмаса, резидент үшін және қосылған құнға төленген салық сомасы есепке қабылданбайды.

10-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

11-тармақтағы "қосылған құнға салынатын салық бойынша оларды есепке қою" деген сөздер алынып тасталсын.

12-тармақ мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"12. Кепілге берілген мүліктерді өткізу кезінде қосылған құнға салынатын салық төлеуші кепілге салынған мүлікті ұстаушы болып табылады."

3. IV тарау алынып тасталсын.

4. V тарау:

екінші азатжолдағы 16-тармақтың "өзара есеп айырысулар" деген сөздерден кейін "бұл елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында (басқа тәртіптер көздейтін, халықаралық келісімдер жасалған елдерден басқалары)."

5. VI тарау:

17-тармақ "сауда-делдалдық қызметтер үшін және кәсіпкерлік қызметке арналған нақтылы орын алып отырған шығындардан төмен емес" деген сөздермен толықтырылсын.

19а және 19б-тармақтары мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"19а. Табиғи монополияшылар үшін мүліктері бөлінген, жоғалған (табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болған жағдайлардан басқа жағдайларда), сондай-ақ нормативтен тыс шығындарға ұшыраған жағдайда осы мүліктің құны мен нормативтен тыс ұшыраған шығындар мүлік құнынан және нормативтен тыс шығындардан, бірақ нақтылы орын алған шығындардан төмен емес, шыға отырып көлемі айқындалатын, айналысқа салық салу ретінде қарастырылады.

19б. Шаруашылық жүргізуші субъектілер тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізген жағдайда тауарларды, (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) және сатып алушыдан алынған салық сомасы бойынша есептелген салық сомасы арасындағы пайда болған айырмашылық оларды сатып алу (нақтылы орын алып отырған шығындар) бағасынан төмен болған жағдайда бюджетке қайтаруға

жатады және салық салынатын табысты айқындау кезінде шегеріп тастауға жатпайды."

20-тармақтағы "қосылған құнға салынатын салықты төлеуші шаруашылық жүргізуші субъект-төлеуші есептен шығарылған" деген сөздер "қызметінің тоқтатылуы" деген сөздермен ауыстырылсын.

22-тармақтағы "кәсіпорындардың шығындарына" деген сөздер "құрылыс құнын арттыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Өнеркәсіптік-өндірістік мұқтаждар үшін қосылған құнға салынатын дербес салықты төлеуші болып табылмайтын осы кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлігі (заводішілік айналыс) кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлігі өнімдерді, жартылай фабрикаттарды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыстардың қосылған құнына салынатын салыққа жатпайды."

6. VII тарау:

27-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бұл ретте, тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналысқа салынатын салық көлемі оларды сатып алу (нақтылы орын алып отырған шығындардан) бағасынан төмен болмауы керек.

28-тармақтағы "борыштар" деген сөз "талаптар" деген сөзбен ауыстырылсын.

7. IX тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Мынадай тауарларды, жұмыстарды, және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыс құнына салынатын салықтан босатылады:

1) жерді жалға беру, сату құқығына иелік ету және пайдалану немесе ғимараттарды жалға беру және сату, қонақ үйлерде тұрғаны үшін төленетін төлемдерден басқалары, автомобильдерді немесе басқа көлік құралдарының тұрағы және сақтауға арналған учаскелері үшін төленетін, салынған объектіні алғашқы сатудан түскен төлемдер.

Ғимаратты жалға бергені үшін төленетін төлемдер амортизациялық аударымдар мен жалға беру процентінің (кірістің) сомаларынан құралатын төлем деп ұғынылады.

Осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес пәтер меншік кооперативтерінің (ПМК) тұрғындардан алған және кооператив мүшелері тұрып жатқан тұрғын үйлерді ұстауға және пайдалануға арналып алынған қаражаттар қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. ПМК-ның сыртқа көрсетілген қызметтері жалпы белгіленген тәртіпте қосылған құнға салынатын салық алуға жатады.

2) қаржылық қызмет көрсетулер, сейфтік операция жасаулардан, инкассациялаудан, банкноттарды, меттерді және құндылықтарды жіберуден сондай-ақ бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі қызмет көрсетулерден басқалары.

Қаржылық қызмет көрсету деп:

- а) банктермен жасалатын операциялар;
- б) бағалы қағаздармен жасалатын операциялар;
- в) сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша жасалатын операциялар;
- г) чектердің, вексельдердің, депозитті сертификаттардың айналыстарына байланысты жасалатын операциялар түсіндіріледі.

3) почта маркалары (коллекциялық маркалардан басқалары), маркіленген конверттер және открыткалар;

4) коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын жұмыстар немесе қызмет көрсетулерге, егер олар медициналық көмек көрсетуге балаларды, қарттарды және мүгедектерді қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру бойынша қызмет көрсетуге білім беру, мәдениет, дене тәрбиесі және спорт саласындағы қызмет көрсетулерге, діни ұйымдардың дәстүрлер мен рәсімдері өткізуге байланысты болса;

5) мемлекеттік баж алуға байланысты оған өкілетті органдардың орындайтын қызметтері;

6) жерлеу-рәсімдік қызмет көрсетулер, жерлеу және крематорий қызметтерін көрсету;

7) геологиялық барлау және геологиялық іздеу жұмыстары;

8) лотерея билеттерін сату бойынша айналыстар, оларды сату бойынша көрсетілген қызметтерден басқалары;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді өткізу бойынша айналыстар;

10) Қазақстан Республикасының Ерікті мүгедектер қоғамының Асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің республикалық қоғамы "Бибі-ана", Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаттары есебінен құрылған өндірістік ұйымдардың тауарлар сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) бойынша айналымдары, болған сауда-делдалдық қызметіндегі тауарлар сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) жөніндегі айналымдар және акцизделетін тауарларды өндіру мен сату жөніндегі айналымдар қосылмайды;

11) тауарларды немесе жолаушыларды халықаралық тасымалдауға байланысты қызмет көрсету немесе жұмыстарды атқару бойынша айналымдар, атап айтқанда тыс Қазақстан Республикасының кедендік аумағына (аумақтарына) әкелінетін (әкетілетін) экспортталатын (импортталатын) тауарларды жөнелту, түсіру, қосып артуға байланысты қызмет көрсетулер, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері-мүшелері шегінен тыс аумағынан (аумақтарынан) әкелінетін транзиттік жүктерге қызмет көрсетуге байланысты қызметтер (басқа шарттар қарастырылған, халықаралық келісімдер жасалған

мемлекеттерден басқалары).

Бұл жеңілдік Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін жолдармен бір ТМД мүше-елдерінің аумағынан екінші бір ТМД мүше-елдерінің аумағына жөнелтілетін тауарларды тасымалдау, тиеу, түсіру қосып тиеу бойынша жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетуге қатысты қолданылмайды.

12) мемлекеттік меншікті жекешелендіру;

13) жарғылық капиталға жарналар;

14) мектеп оқулықтар мен мектеп оқу құралдарын, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған, уәкілетті орган пайдалануға рұқсат берген оқу құралдарын шығару және сату бойынша айналым;

15) "SOS-Қазақстан Балалар қалашықтары" қорының ұйымдастырылуына, құрылысына және жұмыс істеуіне байланысты қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденттері сатып алатын тауарлар, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

31а. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылатын тауарлардың импорты :

1) ұлттық валютаның, шетел валютасының (нумизматтық мақсатта пайдаланылатындарынан басқасының), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты;

2) осы Нұсқаулықтың V тарауының ережелеріне сәйкес импортталатын тауарлар;

3) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды басшысыз әкелу нормаларына сәйкес нормалар бойынша тауарлар импорты;

4) бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар әкелетін тауарлардың импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамсыздандырылған шетел несие желілері бойынша сатып алынатын тауарлардың импорты.

Бұл ретте қосылған құнға салынатын салық бойынша жеңілдік берудің мынадай тәртібі белгіленеді:

а) мынадай құжаттарды міндетті көрсеткенде бюджеттік мекемелер мен ұйымдардың импортталған және алған тауарлары бойынша:

- бюджеттік қаражаттардың бөлінгендігі туралы ұйымның бірінші басшысының қолы қойылған анықтама;

- бюджеттік шоттан алынатын тауардың (өнімнің) төленгендігі туралы банктің растауы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген шетел несие жүйелері бойынша сатып алынатын импорт тауарларын растайтынын ұсынуы қажетті, мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілген шетел несие жүйелері бойынша.

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз мұқтаждары үшін жүзеге асыратын тауарлар импорты;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен ізгілік көмек ретінде әкелінетін тауарлардың импорты;

7) техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлардың импорты;

8) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес босатылатын, өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарлардың импорты;

9) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кеден режимдерінің шеңберінде босатылатын тауарлардың импорты, бұған "Еркін айналысқа арналған тауарларды шығару" режимі қосылмайды.

32. Егер салық төлеуші жұмыс істеп тұрған кәсіпорында немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істеп тұрған бөлігін басқа салық төлеушіге берсе (сатса), мұндай беру (сату) қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. Осы Ереже жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен жасалатын құқықтарды қайта беруге де қолданылады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды

немесе дербес жұмыс істейтін кәсіпорынның бөлігін беру (сату) бөлшектенген және алдын ала берілген немесе кәсіпорынның жойылған балансы негізінде қосылған құнға салынатын салықтан босатылады."

8. X тарауда:

33-тармақта:

екінші азатжолдағы екінші сөйлем алынып тасталсын.

Үшінші азатжолдан кейін мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Нөлдік ставканы қолдану үшін салық органдарына мынадай құжаттарды ұсыну негіз болып табылады:

- тауарларды жеткізу үшін шетел фирмасымен жасалған шарт (келісім);
- кеденнің "Шығуға рұқсат" штампы соғылған жүк кеден декларациясы;
- алыс шетелдердің, сондай-ақ басқа да шарттар көзделген, халықаралық

келісім жасалған елдердің шекарасын жүкпен өтуін растайтын тауар ілеспе құжаттары. Мұндай құжаттар коносамент, халықаралық автокөлікпен тасымалдау туралы халықаралық тауар-көліктік жүк құжаттамасы, халықаралық әуе

тасымалының жүк құжаттамасы, темір жол жүк құжаттамасы бола алады."

9. XII тарау алынып тасталсын.

10. XVII тарауда:

40-тармақтағы "33-38-тармақтарындағы" деген сөз "33, 34 және 38-тармақтарындағы" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. XVI:

43-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қайтарымызсыз алынған мүлік бойынша қосылған құнға салынатын салық есептеуге жатпайды".

44-тармақта "осы Нұсқаулықтың 31-тармағының 1-12-тармақтарына сәйкес" деген сөз алынып тасталсын.

45-тармақта "күмәнді борыш" және "күмәнді борыштың" деген сөздер тиісінше "күмәнді талап" және "күмәнді талаптың" деген сөздермен ауыстырылсын.

45а-тармақ мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"45а. Нөлдік ставка бойынша айналымы бар салық төлеушінің тауар

сатудан (жұмыс атқарудан, қызмет көрсетуден) алынған табысының көлемі оны алумен байланысты шегерімдерге жатқызылатын шығындарының төмен болған жағдайда қосылған құнға салынатын салықтың өтелетін сомасы жинақталған зиян сомасына кемітіледі (жиынтық жылдық табыстан көзделген шегерімдерден артса)."

46а-тармақтағы "есепте тұратын" және "есепте тұрмайтын" деген сөздер тиісінше "салық төлеушілер болып табылатын" және "салық төлеушілер болып табылмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. XVII тарауда:

47-тармақтағы "қосылған құнға салынатын салық бойынша есепте тұрған" деген сөздер алынып тасталсын.

48-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші азатжолдармен толықтырылсын:

"Айналымға салынатын салық құны мен қосылған құнға салынатын салық сомасының салық шот-фактурасы Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасын көрсетіледі.

Салық шот-фактурасы қағазға басылады немесе электрондық жазбаларда сақталады."

49-тармақ алынып тасталсын.

50-тармақтағы "есепке тұрмаған" деген сөздер "төлеуші болып табылмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"осы Нұсқаулықтың 31-тармағының 1-13-тармақшасына сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын.

50а-тармақтың бірінші азатжолындағы "есепке тұрмаған" деген сөздер "төлеуші болып табылмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші азатжолдағы "мөрімен" деген сөзден кейін "немесе штапмымен" деген сөздермен толықтырылсын.

51-тармақтағы "жіберілетін күні" деген сөздер "жіберілетін күннен кешіктірмей" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. XVIII тарауда:

53-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын.

55а-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылшаруашылық өндірісінде пайдаланылатын тауарлардың импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тізбе бойынша жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің және дәрі-дәрмектердің импорты бойынша қосылған құнға салынатын салықты салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық және Кеден комитеттері белгілеген тәртіпте төлейді".

14. XIX тарауда:

57-тармақтың соңғы азатжолындағы "және қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрмаған" деген сөздер алынып тасталсын.

15. XXI тарауда:

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Есепті кезең үшін есептелген салық сомасынан есепке жатқызылатын салық сомасының артуы қосылған құнға салынатын салық бойынша алдағы есептелетін төлемге есептеледі.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымға ие салық төлеушілерге мұндай сома салық төлеушінің салық қызметінің сұранысын алған сәттен бастап 90 күн ішінде қайтарылады.

Бюджеттен орнын толтыруға ұсынылған салық сомасының растығын тексергеннен кейін және басқа салықтар бойынша бюджет алдында берешектері болмаған жағдайда ғана қайтарым жүргізіледі.

Егер өткен есепті кезең үшін есептелген салық сомасынан жоғары есепке

жатқызылған салық сомасына артқан жағдай қалыптасса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымы бар салық төлеуші қосылған құнға салынатын салық сомасының орнын толтыру туралы арызбен салық органдарына өтініш білдірмесе, онда көрсетілген сомасының артуы есепті кезеңнен кейінгі кезеңге есептеледі."

Осы Нұсқаулықтың N 3-қосымшасының күші жойылсын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Әдістеме

Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама